

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз  
университетінің ректоры,  
т.ғ.д., профессор

М. Сарыбеков


2023 ж.



**ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
СМЖЕ 3-2-25-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым


Тараз 2023 ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### АЛҒЫ СӨЗ


1. ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:  
ӨЗІРЛЕГЕНДЕР: – Академиялық саясат басқармасымен  
– Академиялық саясат басқармасының басшысы  
А.Н. Наренова
2. КЕЛІСІЛДІ: – Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор  
А.С. Кадырова

3. УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ 05.09.2025.Ж. №01/001 ӨКІМІМЕН БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ЕҢГІЗІЛДІ.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Жалпы ережелер.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Дуальды оқыту жүйесінің мақсаттары мен міндеттері.....	4
4	Дуальды білім беру жүйесі бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру.....	5
5	Дуальды оқыту бойынша бағалау саясаты.....	6
6	Келісу парағы.....	7
7	Танысу парағы.....	8
8	Өзгерістерді енгізу парағы.....	9

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде дуальды оқыту жүйесі туралы Ереже» (бұдан әрі – «Ереже») Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде (бұдан әрі – «Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ») дуальды оқыту элементтері бар білім беру үдерісінің мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, шарттарын және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

## 2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы № 319-III 2007 жылғы 27 шілде.

2.2. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы № 1093 Қаулысы «Дуалды білім беру жүйесінің Жол картасы туралы».

2.3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметі туралы типтік ережелерді бекіту туралы».

2.4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.5. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуалды оқытуды ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы».

## 3. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Дуальды білім беру жүйесі Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-тегі теориялық оқытуды кәсіпорындар базасындағы кәсіби өндірістік оқытумен үйлестіруді көздейді.

3.2. Бұл жүйені енгізу кадрларды даярлау деңгейін экономиканың нақты салалары мен жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкестендіруге, оқу процесін өндіріспен тығыз байланыстыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етуге бағытталған.

### 3.3. Дуальды оқытудың негізгі қағидаттары:

3.3.1. Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ пен кәсіпорын білім беру үдерісін ұйымдастыруға бірдей жауапкершілікпен және міндеттермен қатысады.

3.3.2. Оқыту барысында теориялық білім (университетте) мен практикалық дағдылар (кәсіпорында) үйлесімді түрде меңгеріледі.

### 3.4. Дуальды оқытудың қатысушылары:

3.4.1. Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ (меншік нысанына қарамастан).


3.4.2. Дуальды оқытуға қатысатын кәсіпорындар (меншік түріне қарамастан).

3.4.3. Дуальды оқыту элементтері бар бағдарламалар бойынша білім алушы студенттер.

### 3.5. Дуальды жүйенің міндетті компоненттері:

3.5.1. Дуальды оқыту туралы келісімшарт – студент, кәсіпорын және университет арасында жасалатын жазбаша келісім.

3.5.2. Дуальды оқытуға арналған жұмыс оқу жоспары – университет пен кәсіпорынмен келісілген және оқу үдерісін реттейтін құжат.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

3.5.3. Дуальды оқыту бағдарламасы – өндірістік процестің ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпорынмен келісілген білім беру мазмұны.

3.5.4. Өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибені жүзеге асыру үшін жабдықталған оқу және жұмыс орындары.

3.5.5. Өндірістік оқыту немесе кәсіби тәжірибе кезінде студенттерге жетекшілік ететін кәсіпорындағы тәлімгерлер.

### **3.6. Дуальды жүйе аясында оқу үдерісін ұйымдастыру**

3.6.1. Дуальды оқыту жүйесі теориялық оқытуды (университетте) және практикалық дайындықты (кәсіпорын базасында) қамтиды.

3.6.2. Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-дегі оқу үдерісі кәсіпорын серіктестермен келісілген жұмыс оқу жоспарларына негізделі отырып ұйымдастырылады. Бұл теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

3.6.3. Дуальды жүйе оқу пәндерін меңгеру сапасын және тәжірибелік дағдыларды бағалау мақсатында кезеңдік аралық аттестацияны қамтиды.

### **3.7. Тараптардың жауапкершілігі:**

3.7.1. Университеттің жауапкершілігіне оқу үдерісін ұйымдастыру, қажетті оқу материалдарын және кеңес беруді қамтамасыз ету кіреді.

3.7.2. Кәсіпорын жұмыс орындарын ұсынуға, кәсіби практика үшін жағдай жасауға және тәлімгерлерді қамтамасыз етуге міндетті.

3.7.3. Студенттер университетте де, кәсіпорында да оқу материалдарын меңгеріп, тапсырмаларды орындауға жауапты.

### **3.8. Қатынастарды реттеу:**

3.8.1. Дуальды оқытуды ұйымдастырудың барлық аспектілері, соның ішінде мерзімдер, шарттар, практиканың өту тәртібі, құқықтық мәселелер (студенттердің, кәсіпорынның және университеттің құқықтары мен міндеттері) дуальды оқыту туралы келісімшартпен реттеледі.

3.8.2. Келісімшарт пен оқу жоспарларына енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар білім беру процесінің барлық қатысушыларымен келісілген болуы тиіс.

## **4. ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1. Дуальды жүйе элементтерін енгізу теориялық оқыту мен өндірістік практика негізінде білім беру үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруды көздейді. Пәндердің оқу материалдарының 40%-ына дейінгі бөлігі кәсіпорын базасында меңгеріледі (технологиялық процестер, шығармашылық қызмет, қаржылық-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және басқа бағыттар бойынша).


4.2. Дуальды білім беру жүйесі базалық және бейінді пәндер бойынша практикалық сабақтарды, сондай-ақ кәсіпорын базасында барлық түрдегі практикаларды өткізуді қамтиды. Жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) модульдік жүйе бойынша оқу жылына арналып өңделеді және өңірлік жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес әзірленеді. Бұл жоспар әлеуметтік серіктес-кәсіпорынмен келісіліп, бекітілуі тиіс. ЖОЖ университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

### **4.3. Жұмыс берушімен келісілген дуальды жүйенің міндетті компоненттері:**

4.3.1. Кәсіпорын-серіктеспен жасалған дуальды оқыту туралы келісімшарт.

4.3.2. Бірлескен қызмет жоспары (студенттердің кәсіпорында оқыту кестесі және кәсіпорын өкілдерінің университетте сабақ өткізуі).

4.3.3. Білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке білім беру траекториялары.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.3.4. Жұмыс оқу жоспары.

4.3.5. Кәсіби практика жоспары.

#### **4.4. Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ мен кәсіпорын арасындағы келісіммен анықталатын компоненттер**

4.4.1. Кәсіби оқыту үшін жұмыс орындарын ұсыну (мүмкін болса, студенттерге еңбекақы төлеумен).

4.4.2. Студентке кәсіпорында тәлімгер тағайындау.

4.4.3. Студенттердің қорытынды аттестациясына кәсіпорын өкілінің қатысуы.

4.4.4. Арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру.

4.4.5. Кәсіпорын мамандарын арнайы пәндер бойынша лекциялар өткізуге тарту.

4.4.6. Университет пен кәсіпорын арасындағы келісім аясында дуальды оқыту жүйесінің нақты компоненттерінің тізімін белгілеу.

**4.5. Дуальды оқыту туралы шарт жасасу** Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ дуальды оқыту туралы шартты студенттермен 3-курстан бастап (кейбір бағдарламалар үшін – 2-курстан бастап) жасасады. Шартқа университет ректоры, кәсіпорын басшысы және студент қол қояды.

#### **4.6. Оқу үдерісін ұйымдастыру**

Университет пен кәсіпорындағы (соның ішінде кәсіби практика) оқу үдерісі жұмыс оқу жоспары мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады. ЖОЖ оқу жылына арналған модульдік жүйемен әзірленіп, аймақтық жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, әлеуметтік серіктес-кәсіпорынмен келісіліп, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

#### **4.7. Кәсіпорында оқытуды ұйымдастыру**

4.7.1. Практика (оқу, өндірістік) ұзақ мерзімді кезеңдермен немесе теориялық сабақтармен алмастырылып өткізілуі мүмкін.

4.7.2. Практика мерзімі мен өндірістік оқыту кестесі кәсіпорынмен келісіліп, оқу жылы ішінде түзетілуі мүмкін.

4.7.3. Өндірістік оқытудан кейін студент қосымша біліктілік алу үшін емтихан тапсырады. Емтихан кәсіпорындағы біліктілік комиссиясымен және университет оқытушыларымен бірге өткізіледі.

4.7.4. Кәсіби практиканың талаптарын орындамаған немесе теріс пікір алған студенттер қайта практикадан өтуге жіберіледі.

4.7.5. Кәсіпорындағы тәлімгерлердің еңбекақысы бекітілген нормаларға сәйкес кәсіпорын тарапынан төленеді. Дәрістер мен басқа сабақтарды жүргізуге қатысқан кәсіпорын қызметкерлеріне нақты жұмыс сағатына қарай ақы төленеді.


## **5. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ САЯСАТЫ**

Дуальды оқыту жүйесі бойынша бағалау саясаты келесі негізгі аспектілерді қамтуы мүмкін:



**Аралық аттестация.** Оқу орны дуальды оқытуға қатысушы ұйымның тәлімгерлері немесе мамандарының қатысуымен өткізеді. Нәтижесінде студент өз кәсіби саласына сай практикалық дағдыларды меңгереді.


**Қорытынды аттестация.** Оқу бағдарламасының толық курсы аяқталған соң өткізіледі және оған кәсіпорынның базасы да қатыса алады. Бұл кезеңде студенттің кәсіби дайындық деңгейі бағаланып, тиісті біліктілік тағайындалуы мүмкін.

**Ағымдағы үлгерімді бақылау.** Бағалау теориялық оқыту нәтижелеріне де, студенттің дуальды оқыту базасында жеткен өндірістік жетістіктеріне де негізделеді.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


### 6. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	А.С. Кадырова		08.09.2025 ж.
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		08.09.2025 ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 7. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				
28.				
29.				
30.				
31.				
32.				
33.				
34.				
35.				
36.				
37.				
38.				
39.				
40.				

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-25
	Академиялық саясат басқармасы Дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Бөлім №	Парақтың №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерту	Қолы
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
11.						
12.						
13.						
14.						
15.						
16.						
17.						
18.						
19.						
20.						
21.						
22.						
23.						
24.						
25.						
26.						
27.						
28.						
29.						
30.						
31.						
32.						
33.						
34.						
35.						
36.						
37.						
38.						
39.						
40.						
41.						